


# 28-МАУСЫМ ҚАЛАМГЕРЛЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



## ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСТЕР, ҚЫМБАТТЫ СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді 28 маусым – кәсіби төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі күні еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғамның құрамдас бөлшегі ретінде билік пен бұқараның арасындағы дәнекер ғана емес, еліміздің толағай табыстары мен зор жетістіктерінің жаршысы болып келеді. Техниканың озық үлгілерінің дамыған заманында интернет байланысы, баспасөз басылымдары халықты қажетті ақпаратпен толық қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары ықпал етудің мықты тетігі болып табылатынын сіздер жақсы білесіздер. Еліміздің татулығы мен тұрақтылығының өрістеп-өрлеуінің қарқынын паш ететін журналистер қашанда құрметке лайық. Нақты адами ұстаным мен болып жатқан жайтқа бейжайлық танытпай, мақсатқа жетуге ұмтылу – біздің мамандығымыздың ерекше қыры.

«Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің өзі де мықты». Алаш қайраткері Міржақып Дулатовың осынау ойлы сөзі журналист еңбегінің қаншалықты жауапты, қаншалықты қастерлі екенін айқындап тұр. Қалам ұстаған қауымның жыл он екі ай тынымсыз еңбегі қашанда лайықты бағасын алуы тиіс. Сіздер күн демей, түн демей елімізде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар туралы шындық ақпаратты халыққа жедел жеткізу үшін аянбай қызмет жасап келесіздер.

Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі тұрақты түрде өсіп келеді. Тіпті әлеуметтік желілер пайда болса да, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы орны бәсеңдемейді.

Біздің елдегі журналистика ауқымды реформалардың ұдайы алдыңғы сапында келе жатыр. Баспа және электрондық басылымдар миллиондаған адамдардың көңіл түкпірінен берік орын алды. Отандық бұқаралық ақпарат құралдары кәсіби түрде шебер, шынайы және жедел ақпарат таратудан бір жалыққан емес.

Қазақстан журналистері елдің халықаралық қоғамдастықтағы ұлттық мүдделерін қорғау ісінде тиісті ұстанымдары арқылы табандылықпен жұмыс істеп келеді.

Ақпарат майданында иықтаса, қатар жүрген жауынгер әріптестерімізді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Қаламымыздан қасиет кетпесін! Шабытымыздың шыңына ұшқан құс жетпесін, қадірлі қаламдастар! Тәуелсіздікті ту етіп, табысқа бірге жетейік!

ҚҰРМЕТПЕН,  
РЕКТОР  
ЖАНАР ТЕМІРБЕКОВА

## «БІЗ БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР ЖАЛЫНДЫ ЖАЗА БІЛЕМІЗ МАҚАЛА, ЭССЕ ОЧЕРК, АҚПАРАТ БӘРІН ДЕ...» дейді студенттер

Қазақ журналистерінің қара нары атанған Шерхан Мұртаза айтқандай «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» болса да журналист болуға бел буған бір топ жастар редакциямызға арнайы келді. Жай келмепті. Бәр жыл оқыған теориялық білімдерін тәжірибеде шыңдауға келіпті. Хош дейік! Ахмет Ясауи атындағы университеттің журналистика кафедрасының негізін қалаушы профессор-ұстаздарынан үйренгені мен көңілге түйгендері аз емес сияқты. Ендеше журналистика саласына бет бұрып, қалам мен қағазды жанына



серік етуді мақсат тұтқан бүгінгі студент ертеңгі журналист мамандардың жазған мақалаларын оқып, бағасын беруді мына сіздер сияқты көзі қарақты оқырманның еншісіне қалдырдық. Газетіміздің осы және алдағы сандарынан «Журналистика» мамандығының студенттерінің туындыларын оқи аласыздар. Мархабат!

Редакция



## ЖАСТАР СЫРЫ

## СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ - ӨЗ БОСТАНДЫҒЫМ

Әлемде қаншама жағдаяттық төңкерістер орын алады. Кейбірі табиғи апаттардың салдарынан болса, кейбірі адамдардың өзара келіспеушілігінен туындап жатады. Бұл нәрсе қатты өршіп кетсе тек адамдар ғана емес, елдердің арасында алауыздық туып, соғысқа дейін алып келуі мүмкін. Алайда зияным тиюі мүмкін екен деп «Сен тимесең мен тиме» болып қол қусырып отыруға да болмайды. Яғни сіздің кез-келген жағдайға және оқиғаға деген көзқарасыңыз бен жеке пікіріңізді білдіруге және оны айтуға толықтай құқығыңыз бар.

Қазақстан Республикасының азаматы не азаматшасы ретінде сізде заң жүзінде сөз бостандығы толықтай бар. Ал әлемдік деңгейде салыстырғанда бізде қаншалықты сөз бостандығы бар? Шалғайдағы мемлекеттерді яғни Батыс Еуропаны алар болсақ, ондағы сөз бостандығының деңгейін әлі күнге дейін өзекті тақырып бір жыныстылардың әрекетін көлтірсек болады. Мен бұл жерде оларды жақтап отырған жоқпын. Қазақтың ұлттық құндылықтарын ескере отырып ой елегінен өткізсек, бұл нәрсе біз үшін өте жат қылық. Ерсі қылық болып көрінгенімен бұл әр адамның сөз бостандығының бар екенін айқындайды.

Кез-келген жағдайда кереғар ұғым болады. Осы сөз бостандығына қарсы термин - цензура. Цензура - жеке тұлғаның сөз бостандығына деген шектеуі. Енді өзіміздің елді қарастырып көрейік. Ұлтымыз баяғыдан «Ұят болады» деген тыйыммен өмір сүріп келді. Бұл дегеніміз сол кезден бізге сөз бостандығына деген шектеудің яғни Цензураның болғандығын айқындайды. Ал қазір осы бір шектеулерден арылып, ресми түрде болған сөз бостандығына қаншалықты қолымыз жетіп жатыр? Шындық қашан да ащы. Заң жүзінде жоғарғы билік өкілдеріне көрсету үшін ғана, яғни «жасандылық» үшін ғана сөз бостандығының толықтай бар екендігін айта аламыз. Себебі бізде цензура болмағанымен белгілі бір деңгейде сөз бостандығына деген шектеулер қойылған. Бұл мүмкін жоғарғы тап өкілдерінен бәлкі өзіміздің алған тәрбиемізден яғни тыйымдардан шектелуіміз мүмкін.

Әрине, әр адам өзінің жеке пікірін білдіру арқылы кез-келген жағдайды өзгертуі мүмкін. Бірақ кейде сөз бостандығының да бір ұшы өзіңе тиіп, кері әсерін тигізіп жатады. Бұл жерде бізді осы нәрселерден тыйған, осы жағдайдың орын алатынын білген біздің ата-бабаларымыздың тыйымдарын еске алып жатамыз. Яғни ненің жақсы ненің жаман екенін, ара-жігін ажырата білген халқымыздың даналығына осы жерде көзіміз жетеді.

Қорытындылай келе, сөз бостандығының бар екендігін алға тартып, шетелдің ерсі қылықтары мен жасандылықтарына еліктеу-бұл бізге тән емес. Өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сақтап, дәріптей отыра, өзімізге берілген сөз бостандығын орынды пайдаланғанымыз жөн.

Дінмұхаммед ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
1-курс студенті

ҚАҢАРМАН ТҰЛҒАНЫ ҰРПАҚТАРЫ  
ҰМЫТПАЙДЫ, ҰЛЫҚТАЙДЫ!

Тарих қойнауында зұлмат соғыстарды бастан кешіп, қайсар мінез, рухты жүрек, айрықша ерлікпен есімдерін алтын әріппен жазған батырларымыз аз емес. Талай қырғында тайсалмаған, тұтас халықтың амандығы мен елдің абыройы үшін сынбаған ерлеріміз де тым көп. Мен дәл осындай бір қаһарманды баяндағым келеді.

Ол асқақ әрі айбынды, жауапты әрі зерек, нағыз батырларша ойлайтын, бойына қазақы мінез дарыған, есімінің өзі хас батырды бейнелейтін алып тұлға еді. Иә, бұл Қасым Қайсенов. Атамыздың соғыста көрсеткен ерліктері мені тәнті етті. 1941 жылы соғыс басталған сәтте-ақ Украина жеріндегі қан майданның қақаған тұсына барлаушы ретінде Қасым Қайсенов атамыз жіберілді. Украин жерін азат етудегі қосқан үлесі зор еді. Сол кездері Қасым атамызды барлығы Вася, Василий деп атады. Бірақ та қазақтың аты қазақ дерсің! Небір ажалға бетпепет келген сәттерінде жігерін жасытпай, нағыз партизан болып айқасты. Бұл оның қайсар қазақ екендігіне дәлел болды. Батыр атамыз жаудың әр басқан қадамын жіті бақылауда ұстап, өзіне тән зеректігін тағы да айқындай түсті. Қасым Қайсенов атамыздың көпке үлгі боларлықтай кішіпейілділігі де баршылық. Ол қазақтың алып тұлғалары Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаевтың соғыста көрсеткен ерліктерін өз ерлігінен биік қойды. Қасым атамыз бір сөзінде: «Баукеңе батыр атағының керегі жоқ, оны табиғаттың өзі батыр етіп жаратқан»- деген еді. Расымен де «Ұлық болсаң, кішік бол»- деуші еді, Қасым атамыздың батыр мінезіне бұл кішіпейілділік жарасып-ақ тұр. Сондай-ақ, атамыз бала кезінде өзінің аяушылық сезімінің көп болғандығын жасырмады. Тек сұрапыл соғыс оларды қатыгездікке үйретті. Соғыс заңы қатал еді. Сен оны өлтірмесең, ол сені өлтіреді. Бұл майдандағы басты қағида болатын. Ержүрек атамыздың тағы да тілге тиек етерлік жайы бар. Ол 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасынан» соң қазақтың көрнекті ақыны, жазушысы Қадыр Мырза Әліге жастардың тартқан азабын, оларға жасалған аяусыздығын көре тұра, партизан болып еш нәрсе жасай аламағанын айтқан еді. Бүйткен партизандығым құрысын деп өксіп алғандығы бар. Иә, бұл дегеніміз атамыздың Қазақ жастарына деген жүрегінде патриоттық сезімі сия білгендігін аңғартады. Қасым атамызды көрген әрбір жан оның болмыс-бітімі бөлек тұлға болғандығын растайды. Мына біздей тәуелсіз ұрпақтың қазақ елінің маңдайына біткен сардары Қасым Қайсеновке айтар алғысы мол. Ел бостандығы мен халық игілігі үшін күрескен әрбір батыр азаматтарымыздың орны ерекше. Қасым Қайсенов атамыз Қазақ тарихының қойнауында мәңгілік маздайды. Рухты да әжетті, батыл да қаһарман ата-бабаларымыздың есімдері өскелең ұрпақтың жүрегінде қатқан қазықтай орнығуы тиіс!




Нұрдәулет КӘРІБАЙ,  
1-курс студенті



## КІТАП - ӨМІР АЙНАСЫ

Болашаққа қадам басқан әрбір тұлғаның бойында ізденіс пен әрекеттің сәулесі елестейді.

Міне сол болашақтың жарқын болғанын қалаған әрбір азамат кітап оқып білім нәрімен сусындағаны жөн секілді. Қоғамға жалпы кітаптың пайдасы өте зор. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі. Көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі кітап. Ол сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады, шығармашылық қабілеттерді дамытады. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді оятады. Қазақ халқында «Кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» деген керемет сөз бар. Кітап оқу тек білімді нығайту емес денсаулық тұрғысынан алып қарасақ та өте пайдалы. Себебі кітап оқығанда адамның миы физикалық тұрғыдан жаттығу ретінде рөл ойнайды. Барынша жан-жақты ізденіс пен қызығушылықты ояту үшін



кітапқа деген махаббатымызды арттыру керек секілді.

Кітап сан мыңдаған жылдар мен ғасырлардың бейнесі ретінде өз құндылығын жоғалтпаған әлі күнге дейін асыл қазынамыз болып келе жатқан мұра. Қандай тұлғаның болмасын дамуына рухани құнды әрекет ойлай алатын тұлға болып қалыптасуына кітаптың тигізер себебі ерекше. Қаншама ғұлама, ғалым философтардың кітап жайылы айтқан керемет сөздері бар. Ұлы ойшыл Шекспир «Кітап маған тақтан да қымбат» - деп көрсеткен. Сөзден ұғар ойымыз рухани жан азығымыз білім нәрі өмір айнасы екенін айтқан. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні кітап ең алғаш ғылымның білімнің не екенін көрсеткен асыл қазына. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

**Ақниет ҚАЛДЫБЕКОВА**  
1-курс студенті

## НЕЛІКТЕН ЖАСТАР ШЕТЕЛГЕ КЕТУГЕ ҚҰМАР?

Игі жақсыларымыздың арқасында елдігіміздің еншісі қолға тиіп, тәуелсіз елдің берік іргетасы қаланды. Сол мемлекеттің негізгі қайнар көзі - жастар. Бүгінгі күнде мына біздер сияқты жас ұрпақ үшін көп мүмкіндіктер қарастырылған. Бірақ, статистикаға сүйенетін болсақ, жыл сайын шетел асатын жастар саны өсуде. Не үшін?!

Шет ел десе сіз бен біздің де құлағымыз елең етіп, көзіміз жайнап кетеді емес пе? Өзіне баурайтындай шет елдің не құдіреті бар? Неге көп отандастарымыз шетте жүр? Бұл сауалдардың жауабын былай талқылайық.

Бірінші, шет елде жалақы жоғары. Көп жастарымыз еліміздегі айлық мөлшерді аз санап, шет елдерге кетіп жатады. Мысалы, дамыған елдерде бір айдың жалақы 2-3 айдың жалақы пара-пар. Тіпті одан болады. Бұл бір жағынан экономика мәселесіне де

Қалтаңда ақшаң жоқ сүрудің өзі проблема»... тарапынан бөлінген орнымен жұмсалғанда, Қазақстан да шет ел еді? Белшесінен батқан үшін, отбасын асы-еңбегіне лайық ақша алу жағдай жасау үшін жасасуда.

Екіншісі, білім құштарлық жастардың жолын ашты. Озық білім алу бұл: көзқарас өркендеуі, жаңа орта, мүмкіндік, даму. Неше тіл адамсың дейміз ғой. Сол старымыз шет ел асып, жатса біз үшін, бұл үлкен пе? Аты айтып тұрғандай елдерде білім беру жоғары деңгейде. Озық жаңа деңгейдегі сапалы арасында сұраныс та түрде, ынтасыз оқып, сандық түбінде жатқан шет ел асып жаңа білім алуға талпынған жастардың көбейгені қуантады.

Үшіншісі, шет ел мәдениетінің жас буынға ұнауы. Өмір сүру формасы, киіну, сөйлеу стилі, ортамен араласу, жеке өмір, адамдардың еркіндігі, музыка, кино, өнер саласындағы талғам жалпы мәдениет терминіне қатысты барлық нәрсе бүгінгі жастардың жүрек қалауы шет ел екенін тағы да дәлелдей түседі. Заман емес, адам өзгереді. Сол адамзат өзгерген соң, заманды да өзгертуге талпынуда. Сонау бағзы заманнан бері қалыптасқан өзіміздің қазақи мәдениетімізді шет ел мәдениетімен салыстырсақ арасы жер мен көктей. Сол себепті де кейбір отандастарымыз шет ел мәдениетін түсіне бермейді. 21 ғасыр озық технологиялы дәуір. Жастар шет ел мәдениетімен сол технологияның дамуы арқасында таныс болды. Мысалы, кино, музыка, кітап, брендтер, техникалық заттар және т.б. Жас ұрпақ тәуелсіз болғандықтан өздері қалағандай өмір сүру үшін шет елге кетуде.

Ойымды түйіндей келе, шет ел асқандардың басым көпшілігі АҚШ, Түркия, Корея, Ресей, Қытай, Өзбекстан сынды дамыған елдерге табан тіреген. Шетте жүрсе де, өз елін ұмытпай, ата-дәстүрін сақтап, түбі қазақ екенін ұмытпаған жастарымыз баршылық. Шет ел асу - өз елін ұмыту деген сөз емес. Дүние есігін ашқан әр адамның мақсаты болады. Шет елде жүрген бауырларымыздың да өзіндік мақсаты болса керек.



мөлшері біздегі мөлшерімен да көп десек еліміздегі байланысты. болса «өмір Мемлекет қаражат өз бәлкі біздің болар ма қарызын жабу рау үшін, өз үшін, өзіне стар шет ел

алуға деген шет елге мемлекетте пен ойдың тіл, қоғам, білсең, сонша тіл білетін жа-білім алып жетістік емес дамыған жүйесі өте технологиялы, білімге жастар көп. Мәжбүрлі алған дипломы жастардан,

**Әсел МЕДЕУ,**  
1-курс студенті



## СТУДЕНТ ОЙЫ



## ЖЕР ЖАРАСЫ-ЖАН ЖАРАСЫ

## «Табиғат

Әшкерлеп сөкпе бізді ,

Тазала, саумал ауа,

Самалыңмен

Заводтың мұржасындай өкпемізді.

Санада гөрі кейде сезім жетік,

Сезімсіз болар менің сезім жетім..

Табиғат,

Емде мені ,

Оралайын

Өзіңсіз күн жоғына көзім жетіп!» деп ақын Қадір Мырза Әлидің табиғатты жырлаған өлең жолдары есіме түсіп кетті.

Табиғат пен адамзат екеуі қатар ұғым. Табиғатымызды баптау да, бағалау да, қорғау да өзіміздің қолымызда. Қазақ халқының әсем де көркем табиғатының жасыл желегіне сызат түсіп жатыр. Экология мәселесі қазір бірінші орында тұр десек те болады. Жерде жатқан қоқыстың өзі ауаға залалын келтіреді. Таза, жұпар ауаның самалында жақсы денсаулық бәрімізге пайдалы. Қазір еліміз дамушы елдердің қатарында.

Табиғат әлемі адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Соңғы кезде жұтатын ауа-ауыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамының өзгеруі жайлы жиі айтылып жүр. Өндіріс орындарынан шығатын қалдықтар, улы газдар сүзгіден дұрыс өткізілместен ауаға таралып, нәтижесінде өкпе, жүрек, қатерлі ісік тағы басқа аурулар санының артуына әкеледі.

Тамақсыз адам бес күнге дейін өмір сүре алады, ал ауасыз бес минуттан аспайды. Адам ағзасы түсі, иісі мен дәмі жоқ улы газдарға қарсы қарусыз, олар техногендік шығарындыларда, азот оксидінде, автомобиль түтіндеріндегі қорғасында, көміртегі тотығында және басқаларында көп. Сондықтан адамға әр минут сайын таза ауа қажет. Бірақ тұтынылатын ауа белгілі бір санитарлық талаптарға сай болуы керек, әйтпесе ол ауыр немесе созылмалы ауруларды тудырады.

Қазақ халқы «Жер жарасы – жан жарасы» деген ұлағатты ұран тұтқан ұлт. Ата-бабамыз, халқымыз атамекенін асылындай аялауды атадан балаға мирас еткен. Сондықтан, қазақ еліміздің даласы күл-қоқыс қоймасы емес. Бүгінгі күні өскелең ұрпақтың санасына құятын ғибрат туған жеріміздің тоқымдай телімін тусыратпай, сай-саланы күл мен қоқысқа толтырмай, керісінше қоқыспен бітелген бұлақтардың көзін ашып, тауы мен тасын көздің қарашығындай қорғау – халықтық мүддеміз, перзенттік парызымыз. Табиғат-бәріміздің ортақ үйіміз. Дәл қазір табиғат бізден көмек күтуде. Ал табиғатты былғайтын тек адам ғана. Табиғаттың тозуы - экологиялық дағдарыс. Бұл үлкен ғаламат апат. Қазіргі кезде бәрімізді қатты алаңдатып отырған жағдай-табиғатымыздың тікелей адамның іс-әрекетінен ластанып, бұзылуы.

Өнеркәсіптік шығарындылардың нәтижесінде көптеген шетелдік қалалардың ауасы ластанған, сондықтан күндіз күн көрінбейді. Өнеркәсіптік шаң – атмосфераның ластануының негізгі түрлерінің бірі. Шаң мен күлдің зияны жаһандық болып табылады. Шаңды атмосфера бактерицидтік қасиеттері бар және атмосфераның өзін – өзі тазартуға жол бермейтін ультракүлгін сәулеленуді нашар өткізеді. Шаң тыныс алу органдары мен көздің шырышты қабығын бітеп тастайды, адамның терісін тітіркендіреді, бактериялар мен вирустардың тасымалдаушысы болып табылады, көшелердің, зауыт ғимараттарының, тұрғын үйлердің жарықтандырылуын азайтады, электр энергиясының артық шығынын тудырады. Шаңның құрамдас бөлігі және таза атмосфералық көміртегі болып табылатын күйе өкпенің қатерлі ісігін жоғарылатады.

Табиғатты ластайтын заттардың зияндылығы қоршаған ортаның көптеген факторларына және заттардың өздеріне байланысты.

«Қоқысты қайда жіберіп, қалай жою керек?» деген сұрақ қазіргі таңда өзекті болып отыр. Әдетте, бізде қоқысты жою мәселесі екі

жолмен шешіледі: көбінесе полигонға шығару, сирек – өртеу. Құтылудың екі әдісі де топырақтың, судың және ауаның ластануын тудырады, нәтижесінде табиғат пен адам денсаулығына әсер етеді. Ғалымдар қалдықтардан пайдалы өнімдер алуға мүмкіндік беретін әртүрлі технологияларды ойлап табу бойынша жұмыс істеуде. Тұрмыстық қалдықтарды жою мәселесі барлық елдер үшін өзекті. Біріншіден, бұл тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесіне қатысты. Не істеу керек? Қоқыспен «күресте» жеңіске деген үміт бар ма? Қоғамның қазіргі талабы-әрбір адамның экологиялық сауатты, мәдениетті болуы.

Осы тұста білім саласының

барлық буынына экологиялық мазмұнның өз деңгейінде берілуі қажет. Қажеттілік оқушылардың экологиялық сауатты болу мәселесін шешуді төменнен жоғарыға қарай жүргізілуін және оқу-тәрбие процесі барысында барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланумен байланысты. Сонда бесіктен бастап, ата-анаға дейін экологиялық тәрбие, мәдениет дағдысын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Біз болашақ ұрпақ үшін табиғатты сақтауымыз керек. Ол үшін табиғатқа деген тұтынушылық көзқарасыңызды шебер және үнемді етіп өзгерту керек.

Құрметті қазақ елі, біздің табиғатымыз, теңдесі жоқ сұлу, жері шүйгін, топырағы құнарлы екенін бәріміз жақсы білеміз. Осындай әсем табиғатты сіз болып, біз болып қорғамасақ, кім қорғайды? Табиғатты қорғаудағы әрбір қадам - Отанға деген сүйіспеншілігіміздің көрсеткіші. Мұндай қадамдарды барлық адамдар жасай алады. Табиғатқа кері әсерін тигізер әрекеттерден аулақ болайық, осылайша біз табиғатымызды сақтаймыз.

Қарақат САПАРӘЛІ,  
1-курс студенті

## ЖАЗҒАНЫ ЖАЛЫНДЫ, ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Мен бала күнімнен журналист болуды армандаймын. Арманымға жету үшін асығамын. Жақсы журналистке нендей талаптың үдесінен шығу керек дегенде менің түсінгенім: ең әуелі алдындағы ақ қағазға, қаламға адалдық керек. Қарақан бастың қамынан гөрі ел мүддесі, халықтың тағдыры, Отанның бүгін мен келешегі қашанда бірінші орында тұруы тиіс. Менің журналистика саласындағы мақсатым: «Жүрген жолы әрдайым нұрлы істер, Қаламың мұқалмасын журналистер!»-дегендей, жаңалықтың жаршысы болып, көрермен-нен(оқырманнан,тыңдарманнан) алты сағат алда жүремін. Өз қызметімді жемісті атқару үшін интеллектуалдық, психологиялық, шығармашылық қабілетімді толық пайдаланып, сонымен бірге табанды, батыл, әділ қасиетіммен таныламын. Жеке бас мәдениетімді сақтап, мәселені терең білуге талпынамын. Өмірде әртүрлі жағдайға кездесетіндіктен, барлығынан жан-жақты хабардар болып фактіге жеңіл-желпі қарамай, оның түпкі мәніне, себеп-салдарына назар аударып, жаңалықтың жаңылмай шығуына ат салысамын. Өз білімімді теориялық тұрғыдан толықтырып, практикалық тұрғыдан ізденіп, өз көзқарасымды білдіремін.

Журналистиканың үш саласы бар: газет, радио, телевидение. Қазір заман талабына сай интернет журналистика шықты. Әрқайсысының өзіндік көтерер жүгі бар. Мәселен, газет жанры бойынша Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсынұв атамыз: «Газет – әдебиет тобына жататындықтан, жазылған сөздер мағына жағынан толымды көңіл жағынан қонымды, тізуі тәртіпті, сын алдында сымдай болуы тиіс» деп, газеттің көтерер салмағын сараптайды.

Радио саласы да оңай емес. Радиода адам микрофон алдында көзбен қабылданатын бейнесімен, қимыл-қозғалысымен көріне

алмайды. Бұның бәрін дауыс алмастыруға міндетті. Ол барынша бейнелегіш қасиетке ие болуы тиіс. Сонда радио тыңдаушы дыбысқа сенеді, образды сезінеді.

БАҚ «төртінші билік» болғанда, ресми түрдегі үш билік: заң шығарушы, атқарушы, сот билігі бар. Бірақ, бұқаралық ақпарат құралдарына «төртінші билік» атауын халық берді. Қоғамның қолдауы мен ерік жігерінен пайда болған ұғым. Сондықтан «қолымдағы билігімді» пайдаланып, жетімнің жыламауына, сырқаттың емделуіне себеп болып, халықтың назын билікке жеткіземін.

Журналистиканың қай саласында жүрсек те, шындықтан ауытқымайық. Шерхан ата Мұртаза айтқандай: «Арқалағаны-алтын, жегені-жантақ» журналистер әр қоғамға да керек. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «...Біз еркін бұқаралық ақпарат құралдарының иелері журналист ұжымдарының өздері болатындай жағдайға келуіміз керек. Ол адамдар жолсыздықты сынға алатын, алайда патриот, өз Отанын сүйетін және қоғамның тыныш, қалыпты өмір сүруін қалайтын адамдар болғаны жақсы...Журналистік ұжымдардың жемісті әрі емін –еркін жұмыс істеуі үшін қазіргіден де көбірек жағдай жасау жөн. Сонда Қазақстанда ашық қоғам да, еркін баспасөз де болады» деген еді ғой. Бұдан артық бізге не керек?

Елбасының бұл өткір сөзі еріккеннен айтылмаса керек. Тәуелсіз елдің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп, ұлттық журналистикамызы жандандыруды қолға алды. Жоғарғыдағы жанашыр сөзі әрбір ұлтжанды, саналы азаматтың есінен шықпауы тиіс. Тәуелсіз елдің тағылымды тілшілері біз боламыз болашақта!

Диана БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ,  
1-курс студенті

## МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ

Адам өміріндегі ең маңызды, әрі жауапты сәттердің бірі – мамандық таңдау. Өйткені, бұл шешім сенің өміріңді өзгертіп қана қоймай, болашағың, ертеңгі күнің болмай ма? «Мамандықтың бәрі жақсы, қалауыңша таңдап ал» дегендей, қазір сан мамандық иесін таңдаудың жолында тұрмыз. Осы жолда адам бойындағы өмірлік құндылықтары, кәсіби бағыттылығы анықталады. Менің ойымша, әрбір адам өз түйсігіне сеніп, жүрек қалауымен болашақ мамандығын таңдауы керек. Осының бәрін түсіне отырып, мамандық таңдауға мен де барынша құлшына кірістім.

Журналист болғым келеді!.. Бұл ой маған ғайыптан, не болмаса, ата-анамның қалауынан келген жоқ. Қазіргі жүректегі «журналист боламын» деген жалын оты бала кезімнен тұтанып, жүрегімнің түкпірінен орын алған болатын. Бірақ, анам сияқты мұғалім боламын деп немесе ақ халатты абзал жан – дәрігер боламын деп біраз уақыт жүрдім. Дегенмен де, жүрек қалауымен журналист болуға белімді будым. Бала күнімнен бастап, ойымдағының бәрін қаламның ұшымен ақ парақ бетіне түсіріп, көп кітап оқыдым. Теледидарда сөйлеп жатқан аға-әпкелерімнен үлгі алып, олардың сөйлеу мәнеріне ғашық болдым.

«Өзің сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» деп талмай еңбектеніп, қажырлы жұмыс жасап, бойымдағы шығармашылық қабілеттерімді дамытып жатырмын. Бұл мамандық әдеби тілді, сауаттылықты қажет етеді деп түсінемін. Әрдайым газет-журналдарды оқи отырып, әр тақырыптағы мәселелерді зерделеп, ой елегінен өткізіп отырамын. Іздене отырып, менің де журналистикаға деген құлшынысым арта түседі. Әр адам кез-келген нәрсені өзі істеп көрмейінше үйрене алмайды. «Көз қорқақ, қол – батыр» деген нақылдың мағынасы да сол қисынды түсіндіреді. Ал журналист тыңдарманды өз сөзіне сендіруі үшін әуелі өзіне-өзі сенімді болуы керек. Оның сенетіні – өзінің бойындағы қабілеті, құндылықтары. Журналистика – қиын да, қызықты мамандықтардың бірі. Тапқырлық, шыдамдылық пен батылдықты қажет ететін мамандық. Дегенмен, қызығы мен шыжығы қатар жүретін қызықты мамандық та. Меніңше, журналист еңбекқор болуымен қатар, жауапкершілігі мол тіл жанашыры болуы тиіс.

Журналист – қарапайым халық пен қоғам арасындағы көпір секілді. Тек шындықты айтатын, тек әділдікті жақтайтын адам ғана

журналист бола алады. Ол – сөзге шешен, ұтқыр ойлы, жан дүниесі әсем, кез-келген адаммен сөз табыса алатын, қарапайым, білімді адам.

Адам мен қоғамды байланыстырушы көпір. Бұл мамандықтың қоғамдағы рөлі аса зор. Журналистика – күш, ашық пікір, шынайы мінез, тұңғыш ой, талғампаз көзқарас анық көрінетін бірден-бір мамандық. Қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын да сала. Оны қоғамның «төртінші билігі» деп атайтыны да содан.

Менің ойымша, журналист әрқашан қоғамдағы барлық саладан хабары бар, жан-жақты, дүниетанымы кең болуы керек. Себебі, ол сан түрлі ғылым саласына еркін ой жүгірте алатын тұлға. Оған дәлел ретінде Н.Михалковский: «Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады» деп айтқан. Сондықтан, журналист қоғаммен байланысын үзбейтін «халықтың көзі, құлағы һәм тілі».

Мен журналистика мамандығының хас шебері болуды армандаймын. Бұл кәсіптің бүкіл қыр-сырын игеріп, тереңінде жатқан асыл маржандарын теру – білікті маман иесі болу жолындағы қадамның бірі. Сол жолда ұшқыр ойыммен, киелі қаламыммен қасқайып қарсы тұратын асқақ ойлы азамат боламын деп ойлаймын. Ол үшін жоғарғы білім алып, халқыма адал қызмет етемін. Ащы болса да, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісінің маманы болғым келеді.

Кім біледі, мүмкін, менің бүгінгі арманым – ертеңгі болашағым болар?! Бүгінгі қиялымдағы ойым – ертеңгі күнімнің еңбекпен тауып жейтін азығым болар?!

Қорытындылай келе, менің арманым – менің болашағым. Болашақта өз ісінің шебері болып, өз саламның шыңына табан тіреп тұратын күнге де жетемін деген үміттемін. Сондықтан жігерімді шыңдап, арманымды алдыма үміт етіп, жүрек қалауымды жасадым. Мен журналист болғым келеді!

Еңлік ӘБДУМҮТӘЛІ,  
1-курс студенті





## КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ- БОЛАШАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ

«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан...,-деп қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев жырлағандай, адам өмірдегі өз орнын табуы үшін мамандықты жаңылмай таңдауы қажет. Өмірде қателесуге болмайтын істің бірі- мамандық таңдау!

Аталарымыз: «Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі- жар таңдағанда, екіншісі -мамандық таңдағанда», -деп бекер айтпаған. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз — өзіне «Мен кіммін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоюы керек деп ойлаймын. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек. Ең алдымен, осы сұрақтарды өз-өзіме қойған кезде, бір сәт болсын үлкен жауапкершілікті сезініп, нақты әрі салмақты түрде ойлана бастадым. Мен бұл мамандыққа қалай, қашан келдім? Соңғы сұрағына нақты жауап бере алмасам да, алғашқы сұрақтың жауабын анық білемін. Поэзия, роман, лирикалық жырлар міне осылардың арқасында менің әдебиетке деген, тілге деген қызығушылығым ояна бастады. Лирикалық жырларды оқыған кезде, сезімталдығымның әсерінен болар, ерекше бір сезімге бөленетін едім.



Айналадағы барлық құбылыстар, өзгерістер, қарым-қатынастар барлығыда маған тек жақсы жақтарынан көрінетін.

Мамандықты таңдамас бұрын, ол мамандық жайлы толық мәлеметтерді жинап және қазіргі таңда оның рөлін біліп қарастыру керек. Қарастыру барысында, өзің таңдаған мамандық саған ұнай ма, оның жұмыс істеу уақыты және бұл мамандықты өзің армандап қалағаның ба? Осыны бірінші шешіп алу керек. Қазіргі таңда, жастар арасынан да үлкен кісілерден де көріп жатырмыз. Кейбірі өзі қаламаған мамандықты оқып, сол арқылы жұмыс жасап жүр. Біреудің ықпалымен таңдаған мамандыққа қызығушылығың да болмайды. Өзіңе ұнайтын іспен айналысу керемет емес пе?!

Мақаланы қорытындылай келе, өмірде бір мамандық иесі болу деген ынта сезім әрбір жанның бойында болу керек. Және бұл шешімге ата-ана, немесе туған-туыстар емес өз жүрегіңмен тандағың жөн. Себебі ертенгі күні сенің басты табыс табатын жұмысың өзіңе ұнамаса, онда саған өмірде қиын болады. Сол себепті мамандықты тыңғылықты қабылдаған жөн.

**Арай ОРЫНБЕК,**  
1-курс студенті

## СТУДЕНТТІК ЖЫЛДАР, ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕР...

Студенттік өмір , ол бір өміріңнің есте қалатындай бақытты қайта оралмас керемет сәттері болып қала береді.

Студенттік кезең рахат, еркін өмір деп жатады көбісі. Қызығы мен шыжығы, базары мен азары, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің ең керемет шағы...

Менің жанымдағы достарым 1 жыл оқыған группаластарым. Олар Ахмет Ясауи университетінің бүгінгі студенттері, еліміздің болашақ мықты журналистері.

Түркістанға келіп бірі «Журналистика» мамандығы бойынша грантқа түскеніне қуанып, түспегендері ақылы бөлімге тапсырып жүрген кешегі талапкерлер. Бұл бөлімге тапсырып бұл мамандықты жаны сүймей келгендер де болды. Жан-жақтан жиналық. Осы кезден "перваштық" кезең басталды.

Қыркүйектен бастап группаластармен танысып, атымызды жаттап, бір-біріміздің әлеуметтік желілердегі парақшаларымызға тіркеліп алдық. Осылайша таныстығымыз жалғасын тауып кетті.

Кураторымыз Баешова Балзия апай болды. Ол өте керемет кісі, тіпті екінші анамыз секілді болып кетті. Осылайша сабақты бастадық, группамызда 9 адам , 9 түрлі мінез, әркімнің өз ерекшеліктері бар. 1- курс ең таза көңілдердің танысып табысатын уақыты. Гранттағылар үшін ең алғаш стипендия ыстық көрінеді өз еңбегіңмен алғаш ақшаны алып мәз болдық , ең алғаш сессияны да қорқынышты үреймен күттік. Барынша жақсы оқып сессияларды жақсы тапсырдық. Ал группаластарыммен өткізген әр сәттерім мен үшін ертенгі ең жылы естеліктердің бірі. Соңында ӘСМ-211 группасының қыз жігіттеріне айтар алғысым сендердей жақсы көңілдері кең жандармен танысқаным өте қатты қуаныштымын. Барлықтарыңды жақсы көремін. 1жыл бойғы керемет бақытты сәттер үшін алғысым шексіз.

**Аружан БАЗАРБАЙ**  
1-курс студенті



## БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Студенттік шақ – жоғары оқу орнында оқыған немесе оқып жатқан әрбір адамның өміріндегі ең жарқын сәттердің бірі және бірегейі болып саналады. Жастық кез өмірді тануға құштарлық пен білім жинауға толы кезең.

Ал университеттің қоғамдық өмірі мазмұнды және қызықты. Әрбір студенттің белсенді өмірлік ұстанымы, құндылығы және қоғамға деген көзқарасы осы негізде қалыптасады. Студенттің бәсекеге қабілеттілігіне оның білім деңгейі ғана емес, сонымен қатар оның белсенділігі, позициясы, өмірдегі басты құндылығы, рухани қасиеттері ықпал етеді. Мұндай қасиеттер студент сапалы білім алу процесі мен түрлі конференция, іс-шараларға қатысуы немесе ұйымдастыруы арқылы қалыптасады. Студенттік өмірдің ерекшелігі әрбір студенттің өз уақытын пайдалы әрі қызық өткізуі болып табылады. Сондықтан, біздің студенттер өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленеді.

Бірақ та студенттік өмірді қызықты ететін, естен кетпес естеліктер сыйлайтын ол белсенді орта. Ал мен сол белсенді әрі бақытты жанның бірімін.

Балмұздақ атанып университет қабырғасына келгелі бері бірнеше марапаттар иеленіп, қызметке тағайындалдым. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, Түркістан облысының үздік белсендісі атандым. Алайда бұл тек менің жетістігім емес, мені қолдаған белсенді студенттердің де жетістігі. Мен мақтана алатын орта, мені мақтайтын орта ол Студенттік Парламент. Ясауи университетінің Студенттік Парламенті- озық ойлы, креативке толы, студенттік құндылықты ерекшелейтін патриот жастардың ортасы. Бір жыл ішінде көптеген іс-шара ұйымдастырып бір толқында болдық. Бірге аштықты сезіндік, бірге тамақтандық, тіпті қиыншылықты да бірге көріп сезіндік. Бірақ ешқашан мойымайтын едік. Біздегі бір ғана мақсат биікке жетеледі. «Бұл біздің шың емес, біз әлі-ақ биік белестерді бағындырамыз» дейтін стимуль болды. Таланттыларды даралайтын, университет имиджін көтеріп жүрген белсенді жастар міне дәл біздер.

Демек, студенттік шақ нағыз жұлдызың жанатын сәт. Дәл осындай позициямен біз дамуды тоқтатпаймыз. Бұл біздің шың емес...

Аружан БАҚЫТЖАН  
1-курс студенті

## МЕН ТАҢДАҒАН ҒАЖАЙЫП ТҮРКІСТАН

Түркістан дегенде еске бірден келері -ол тарих.Себебі Түркістан тарихы мен мәдениеті терең ұлы өңір.

Түркі астанасы атанған тарихи қала бүгінде жастарды білімге,өнерге,қазақылыққа рухани байлыққа,ең бастысы адам болуға тәрбиелейді.Мұндағы әр бір қазақ өзін ұлы елдің ұрпағы екендігін терең ұғынады.Ол ешкімнен берілетін қасиет емес,ол жерден топырақтан даритын қасиет.Себебі Ұлы қала Түркістанда ұлылардың ұлысы 21 ханның сүйегі жатыр.Мұндай киелі қаланы кезінде Әбілқайыр,Абылай хандар қасық қаны қалғанша қорғаған.Мұндай даланың қазағы өзін өзі рухани байытып,өңірге деген махаббатын арттырып,қала тарихын зерттеп,оны өзгелерге мақтанышпен кеуде қағып айтуы заңдылық.

Көрсетуге де тұрарлық қаншама киелі орындар бар,мәселен:Абылай бабамыздың сүйегі жатқан Қожа Ахмет Ясауи кесені,Рабия сұлтан бегім кесенесі,Керуен сарайы,түркі бағы,және Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті.Жалпы қаланың бос жатқан даласының өзі біз үшін киелі орын,рухани орын.Себебі бұл қала қаншама ата-бабамыздың қаны жатқан дала.

Мен де өзімнің осы қалаға үлесімді қосу үшін барымды саламын.Және маған ол



үшін білім беріп көмектесетін ол-Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті.1991 жылы бой көтерген университет бүгінде әлемдік деңгейдегі оқу орны.Әлемнің 17 елінің жастары осы университетте өз білімдерін шыңдауда. Әр ұлт өкілін достыққа,сүйіспеншілікке,рухани байлыққа турбиелейтін бұл университет қазіргі таңда Қазақстан бойынша ондыққа кіреді.Осы университеттің қаншама ұлы тұлға түлектерінің жолын қуып,мен де осы университетке өзімді лайық көремін.Бойымдағы осы өңірдің суынан,топырағынан,ауасынан дарыған барша қасиетімді мен осы университет үшін көрсететін боламын.Жастай қарт-қариялардан,ұстаздардан,туыс бауырлардан бата алып жүріп,ары қарай мен сол қасиеттеріме рухани білім қосып,жан жақты болып,өз саласының маманы болу үшін мен осы беделді университетті таңдадым.Университеттің журналистика саласында білім алып,Отанға,қазақ ақпарат, журналистика саласына,ғылымға қызмет етуді парызым деп санаймын. Менің таңдауым-менің болашағым!

Дидар АСЫЛХАНОВ  
1-курс студенті



## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

## ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді.

Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Шұғыла ИСА  
1-курс студенті

## АСЫЛ АНАМ-АРДАҒЫМ!

Билесіз бе, жаратушы ием маған үлкен сыйлық сыйлады. Ол өте қымбат, бағалы әрі әдемі. Менің өміріндегі үлкен сыйлық сол болды. Жо-жоқ, көлік немесе зәулім сарайды айтып тұрғаным жоқ. Менің өмірге келуімен себепші болған жанды айтып тұрмын. Дұрыс айтамыз ол менің-анам. Ең бірінші алғысым жылы саған айтамын. Себебі кіршіксіз, ақ көңілді ананың маған жолыққанына ризамыз.

Тоғыз ай, тоғыз күн мені құрсағында көтеріп, мейірім төккеніңе алғысым шексіз. Түн ұйқыңызды бөлгенім үшін, құрсағыңызда тыным таппай тебіреніс үшін, қиналғаныңыз үшін кешірім сұраймын. Тек сіз ғана, менің қырсық мінезіме шыдайсыз, егер ауырып қалсам жаныңызды беруге даярсыз. Бүгінде мен бойжеттім. Енді сізге менің көмегім қажет. Дәл мені кішкентай кезінде қалай асырап бақсаңыз, мен сізге оны еселеп мейірімді төгіп, қамқор болуға тырысамын. Біраз жылдар бұрын еткен еңбегіңіздің бүгін жемісін көресіз. Қазір де, белден шыққан баласын жат санап, соқыр сезімге бөленген аналар қаншама?! Анашым, сізді олармен салыстыру менің ойымда да жоқ. Аналар балалары үшін жанын беруге даяр тұрғанда, көкек аналар да кездеседі. Шіркін, сізді жақсы көретінімді сөзбен жеткізе алсам ғой. Талай аузы дуалы ақындар да, күйшілер мен, жыршылар да «Ана» сөзінің құдіретіне таңқалған.

Жеті жұлдыз бірігіп, күндей жарық бола алмас,

Жеті жеңге бірігіп, ана орны тола алмас, -иә ананың орны әрдайым ерекше. Осы арада сізге бір естігенімді ортаға салайын: Түркия мемлекетінің президенті әлемдегі ең жақсы президент деп ойлаймын. Неге екенін билесіз бе, ол күнде түнде жатарда анасының аяғын сүйіп, кейін ұйқыға жатады екен. Көрдіңіз бе, Алла тағаланың құдіретін, сол президентке қанша қастандық жасалса да, әлі күнге дейін қорықпай, елді басқару жұмысын жүргізіп отыр. Менің бұл жағдайдан түйгенім, егер саған барлық әлем қарсы тұрса, бірақ оны Алла қаламаса ешкімнің тырнақтай зияны тимейді. Егер барлық әлем саған жақсылық жасаймын десе, егер оны Алла қаламаса тозаңдай жақсылық жаныңа жуымайды. Байқадыңыз ба, ана мейірімі өз баласына жаманшылықтан сақтап қалуда. Есіңізде болсын, ананың разылығын алмаған адам жәннәтқа кіруді ойына алмай-ақ қойсын. ақын Серік Қалиевтің мынадай сөзі бар еді:

Ата-анаң саған қымбат бұл есім,

Тіршілікте тәрбиешің төрешің

Дұға қос, кешірімді көп тіле,

Алла оларды мейіріміне бөлесін, -иә ата-ананың ризашылығы Құдайдың ризашылығы. Анам маған көп ақыл айтады, үйдің үлкені сенсің, сен артыңдағы ініңді өзіңе ұқсатуың керек, жақсы азамат болуларың керек, -деп ақылын барынша айтады. Біз өзіміз ше, өзгеше қабылдаймыз. Біреуін тыңдасақ, біреуін тыңдамаймыз, анамыздың



бізге айқайлағаны үшін, кейде ренжіп жатамыз. Бірақ, олар бізді жақсы болсын, мен жетпеген белеске балаларым жетсін дейді. Айқайлады екен деп, анамызға өкпелеп жатамыз, бұны жасыруға тырыспаңыз, бұл белгілі яғни, заңды нәрсе. Кейде, атамыздың айқайлағаны орынды екенін жиі ұғынып тұруымыз керек. Сізге айтарым, анаңыздан келген бір қоңырауды қапыда қалдырмаңыз, себебі бұл соңғы қоңырау болса қайтесіз, анамыздың дауысы енді сізге етілмейтін болса ше?! Міне, сондықтан еш себепсіз, анаңызға «сізді жақсы көремін» деп жиірек айтыңыз. Ол оны естігенде, жүрегі жылынады, себепсіз сыйлық алыңыз, анаңыз сізді дүниеге әкелгеніне қуансын, «мен өсірген бала» -деп мақтан тұтсын.

Айдана КЕМЕЛБЕК,  
1-курс студенті

<p><b>Ясауи университеті</b> УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Кожая Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p> <p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.</p>	<p>Медиа және PR орталығы:</p> <p>журналистер: «Журналистика» кафедрасының студенттері</p> <p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМИРОВ</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.</p>	<p>Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
---	---	---	--

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru